

FTAXP:14.81.42

<https://orcid.org/0000-0001-6262-3474>

<https://orcid.org/0000-0002-9446-7614>

<https://orcid.org/0000-0001-8040-8235>

Ерметова Р.Е.*, Жумагулова Ж.Ж., Пиримкулова А.А.
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
филология ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ТАРИХЫ

*Автор-корреспондент: rakhnama.ermetova@aeuzov.edu.kz

Түйін: Абай қара сөздері көптеген шет тілдеріне аударылғаны белгілі, солардың ішінде қытай тіліне де аударылған. Абай қара сөздерінің қытай тіліне аударылуын зерттеп зерделегенде алдымен аудармашылардың аудармашылық шығармашылық жолдарын қарастырмай болмайды. Абай қара сөздері қытай тіліне аударыла бастағанына 30 жылға жуықтады. Ең алғаш Абай өлеңдері мен қатар Абайдың қара сөздерін қытай тілінде аударған Сібе ұлтынан шыққан Қытай жазушылар одағының мүшесі, аудармашы Кабай (Ха Хуанжан) мырза еді. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары Кабай мырза Абайдың өлеңдерінің үзінділерін қытай тіліне аударып Абай шығармаларын қытай тілінде сөйлеткен ең алғашқы адам атанды. Мақаланың зерттеу мақсатында - Абай қара сөздерінің қытай тіліне аударылу тарихын анықтау болып табылады. Абай қара сөздерінің қытай тіліне аударылу жүйесін сипаттау

Кілт сөздер: принцип, инвариант, эквивалент, поэма, фольклор, аударма, қара сөз

МРНТИ: 14.81.42

<https://orcid.org/0000-0001-6262-3474>

<https://orcid.org/0000-0002-9446-7614>

<https://orcid.org/0000-0001-8040-8235>

Ерметова Р.Е.*, Жумагулова Ж.Ж., Пиримкулова А.А.
старший преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
к.филолог.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
старший преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
ИСТОРИЯ ПЕРЕВОДА СЛОВ НАЗИДАНИЯ АБАЯ НА КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК

*Автор-корреспондент: rakhnama.ermetova@aeuzov.edu.kz

Аннотация: Известно, что слова назидания Абая переведены на многие иностранные языки, в том числе на китайский. При изучении перевода слов назидания Абая на китайский язык не обходится без изучения переводческих творческих путей переводчиков. Прошло почти 30 лет с тех пор, как Слова назидания Абая начали переводиться на китайский язык. Впервые стихи Абая и слова назидания Абая были переведены на китайский язык членом Союза китайских писателей Сибирской национальности, переводчиком был Кабай (Ха Хуанжан). В 50-е годы прошлого века Кабай стал первым человеком, который перевел на китайский язык отрывки из стихов Абая и стал носителем китайского языка. Исследовательская цель статьи - определить историю перевода черных слов Абая на китайский язык. Описание системы перевода черных слов Абая на китайский язык.

Ключевые слова: принцип, инвариант, эквивалент, поэма, фольклор, перевод, слова назидания

IRSTI: 14.81.42

<https://orcid.org/0000-0001-6262-3474>

Ermetova R.E.*, Zhumagulova Zh.Zh., Pirimkulova A.A.

senior lecturer, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan
candidate of philological Sciences, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan
senior lecturer, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

THE HISTORY OF TRANSLATING THE WORDS OF ABAI'S EDIFICATION INTO CHINESE

***Correspondent author:** rakhnama.ermetova@auezov.edu.kz

Abstract: It is known that the words of Abai's edification have been translated into many foreign languages, including Chinese. When studying the translation of the word Abai's edification into Chinese, one cannot do without studying the translation creative ways of translators. It has been almost 30 years since the Words of Abai's edification began to be translated into Chinese. For the first time, Abai's poems and Abai's words of edification were translated into Chinese by a member of the Union of Chinese Writers of Sibir nationality, the translator was Kabai (Ha Huangzhan). In the 50s of the last century, Kabai became the first person who translated excerpts from Abai's poems into Chinese and became a native speaker of the Chinese language. The research purpose of the article is to determine the history of the translation of Abai's words into Chinese. Description of the system of translation of Abai's words into Chinese

Key words: principle, invariant, equivalent, poem, folklore, translation, words of edification

Кіріспе

Кез келген аударманы талдаудың негізгі принциптері, теориялық тұжырымдары болады. Қара сөздердің қытай тіліндегі аудармаларын талдап, таразылағанда біз Л. Бархударовтың мына тұжырымын басшылыққа алдық: Аударма теориясының объектісі - түпнұсқа мәтін мен аударылатын мәтін арасындағы эквиваленттілікті анықтау, қандай мәселелердің негізінде түпнұсқа мен аударылған мәтіннің бір біріне эквивалентті болып тұрғандығын сипаттау, бір тілдегі мазмұнның екінші тілде берілгеніндегі инварианттылықтың себептерін көрсету [1,24]. Сонымен, төменде алдымен Абай қара сөздерінің ерекшеліктерін қарастырамыз, сонымен қатар қара сөздердің қытай тіліне аударылу тарихынан да ақпараттар береміз.

Мақаланың зерттеу мақсатында - Абай қара сөздерінің қытай тіліне аударылу тарихын анықтау болып табылады.

Зерттеудің міндеттерінде - Абай қара сөздерінің қытай тіліне аударылу жүйесін сипаттау;

Зерттеу әдістері: тақырыптық, идеялық, композициялық ерекшеліктері талдау, жинақтау, ой қорыту, жүйелеу. Мақалада жасалған ой-пікірлер, зерттеу нәжилері жоғары оқу орындарында оқытылатын «Абайтану», «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет сыны» пәндерде және түрлі арнайы семинар мен курстардың тақырыптарына енгізіліп, алынған теориялық тұжырымдамаларды қолдану

Деректанулық талдау

Абай қара сөздері көптеген шет тілдеріне аударылғаны белгілі, солардың ішінде қытай тіліне де аударылған. Абай қара сөздерінің қытай тіліне аударылуын зерттеп зерделегенде алдымен аудармашылардың аудармашылық шығармашылық жолдарын қарастырмай болмайды. Абай қара сөздері қытай тіліне аударыла бастағанына 30 жылға жуықтады. Ең алғаш Абай өлеңдері мен қатар Абайдың қара сөздерін қытай тілінде аударған Сібе ұлтынан шыққан Қытай жазушылар одағының мүшесі, аудармашы Қабай (Ха Хуанжаң) мырза еді. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары Қабай мырза Абайдың

өлеңдерінің үзінділерін қытай тіліне аударып Абай шығармаларын қытай тілінде сөйлеткен ең алғашқы адам атанды. 1984 жылы Абай қарасөздерін толық аударып Ақылия деген атпен Шыңжаң ұлттар баспасынан бастырып шығарады. 1993 жылы Абай өлеңдерінің толық нұсқасын түгел қытай тіліне аударып ұлттар баспасынан - Абай өлеңдерінің толық жинағы деген атпен шығарады. Қабай мырза аударма ісімен қатар зерттеу жұмысын да қатар алып жүреді. 1987 жылы Абай және оның өлеңдері деген сын мақалалар жинағы жарық көрсе, 1995 жылы Абай зерттеу шығармалар жинағын ұлттар баспасынан шығарады. Қазірде Қабай мырза Қытайдағы абайтану саласына ең алғыш жол салған адам болып есептелінеді[2,32]. Абай қара сөздерін қытай тіліне екінші рет Қытайдағы Туң ұлтынан шыққан жазушы, аудармашы, Қытай жазушылар одағының мүшесі Су жоушион мырза мен Қытай Қазақтарынан шыққан жазушы, аудармашы, Қытай жазушылар одағының мүшесі Әкбар Мәжит мырза бірлікте аударып 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына қарсы баспадан шығарады. Әкбар Мәжит мырза Абай ақылиялары (阿拜箴言录) деген атпен шыққан қара сөздерге алғы сөзі ретінде жазған Абайдың тартымдылығы деген мақаласында былай дейді: Ұлттар баспасы қазақ редакция бөлімі Су Жоушион мырзаның (қара сөздің) аударма нұсқасын тапсырып алып әрі оны түп нұсқамен салыстырып көрген соң, менен түп нұсқадан қайтадан аударуды сұрады, олар маған уақыт шектеп, үш ай ішінде аударманы бітіріп алты ай ішінде кітаптің басылып шығуын өтінді.

Әкбар Мәжит мырза ұзақ жылдар бойы қытай тілінде әдеби шығармашылықпен шұғылданып жүр, қазір де Қытай Жазушылары Журналының редакторы. Оның үстіне ұлты қазақ болғандықтан қазақ тіліндегі кез келген шығарманы қытай тіліне аудару ол кісіге аса қиынға туспейтіні айқын. Дегенмен қазақ редакция бөлімінің Абайдың 150 жылдығына үлгереміз деп асығып 3 ай ішінде аударманы бітіруді өтінгені ол кісінің аударманы өз сапалы деңгейіне жеткізе білуіне кері әсерін тигізбедеме деген аз алаңдауымыз да бар[3,41].

Теориялық талдау

Абай қара сөздерінің қытай тіліндегі алғашқы аудармасы 1984 жылы Шин жаң халықтар баспасынан жарық көреді, әрине бұл Қабай (Ха Хуэн жаң) мырзаның ұзақ жылғы табан ет маңдай терінің жемісі еді. Қабай мырза жастайынан қазақ ауылында өсіп қазақ балаларынмен ойнап күлген, қазақы тәрбиесінің қандай болатынынан, қазақ өмірінің қандай екендігінен хабардар екені даусыз. Хабардар емес-ау, онымен етене болатын. Әрі осы балалық шақтағы бастан кешкендері оның бұдан былайғы шығармашылық өміріне аса зор ықпал етеді. Оның қазақ өміріне деген, қазақтың өмір философиясына, және ұлы Абайға деген сүйіспеншілігі дәл осы бала шығында қылыптасады. Орта мектеп оқып жүргенде-ақ Абайдың айттым сәлем қалам қас өлеңін естіп содан бері Абай шығармаларына бар ынтасымен ғашық болып, Абай есімі Қабай жүрегінде мәңгілік өшпес із қалдырады. Бір берген сұқпатында өзінің Абай өлеңін алғаш естігені жайлы былай деп еске алады, қарт қаламгер: Абай өлеңін алғаш естігенде жүрегім аттай тулады. Мың құбылып тамылжыған әуені мені балқытып әкетті. Содан бастап менің жүрегімнің терең түбінде Абай ғашықтық жырының әуезі қалды. Қабайдың ұлы Абайға деген сүйіспеншілігі оны әрдайым алға жетеледі[4,51], Абай шығармаларының қытай тіліне аударылмағаны оны бей-жай қалдырмады. Ол Абайды оқыды, жүрегімен сезінді, оған ғашық болды, әрі оны сүйте жүре қытай тіліне аударды. 1958 жылы Абайдың ертегі-поэмалары деген аударма еңбегін Халық әдеби баспасынан шығарады. 1982 жылы Шин жаң халық баспасы оның Абай таңдамалы поэмалары атты аудармасын шығарады. 1984 жылы Абай қара сөздерін аударып 阿克利亚- Ақылия деген атпен шығарады. тоғыз жылдық үздіксіз ізденістен кейін Қабай Абай шығармаларын толық қытай тіліне аударып Абай шығармаларының толық жинағы деген атпен ұлттар баспасынан басып шығарады. Дегенмен қаламгер тек аудармамен ғана шектеліп қоймай, Абайды зерттеумен де

шұғылданады. 1987 жылы Абай және оның поэмалары атты зерттеу мақаласын шығарса, 1995 Абай зерттеу мақалалар жинағын шығарып Қытайға Абайды едәуір толық зерттеп жеткізген алғашқы адам болады. Абай және оның поэмалары 1979-1989 жылдардағы Қытай аз ұлттар әдеби зерттеуінің үздік шығарма силиғын және 1993 жылғы Қазақстан республикасының Абайдың 150 жылдығына арнаған әдеби өнер силиғын алады. Ал Абай зерттеу мақалалар жинағы 1997 жылғы Қытай жазушылар одағының тұлпар силиғын жеңіп алады. Бұл марапаттар ол кісінің Абайтану ғылымына деген үлесінің жоғары бағаланғандығын көрсетеді, әрі оны бұдан былайғы зерттеу жұмыстарына одан әрі ынталандыра түседі.

Нәтижелер мен талқылау

Ешқандай еңбектің өзіндік машақатынсыз, қиындығынсыз бітпейтіні баршамызға мәлім. Қабай мырза да Абай зерттеуінде көптеген қиындықтарды бастан кешті, алайда ұлы Абайға деген адал жүрек пен ыстық махаббат ол кісіні еш қашан қиындықтар алдында жасытқан емес. Бұрын ол Қытай классикалық поэмаларын оқып қытай әдебиетінен алғашқы білімдерді де алған еді, ал Қазақ өлеңдерінің Қытай поэмаларының басқаша сарындағы әуезділігі, әсіресе айтыстағы ақындардың өлеңімен іс баяндайтын суырып-салма шеберліктері оны басқаша бір әлемге жетеледі. Ал Абай өлеңдері бұл жаңа әлемді тіптіде тұңғық сырға бөлеп оны онан ары елітіп әкетті. Сол алғаш Абай өлеңдерін естіген мектептегі өлеңді дауысдап оқу жарысынан кейін, ол дереу әлгі айттым сәлем қаламқасты оқыған баланы тауып өлеңді сұрап алып, қайта қайта оқып оның көркемдігіне тәнті болады. Сол-ақ екен Қабай базарға арнайы барып Абайдың сол кездегі бір өлеңдер жинағын тауып сатып алады. 1949 жылы Қабай Шинжаң университетінің орыс тілі факультетіне оқуға түседі. Талантты жастың алдында асқақ армандар жатқан еді, алайда бір жылдан соң сол кездегі жағдайлардың себебінен ол оқудан төте жұмысқа шақырылып орыс тілі аударма ісіне кірісіп кетеді. Дегенмен жұмыс оны білімнен әсіресе қазақ өміріне терең бойлайтын орайдан алшақтапмайды[5,10]. 1955 жылы ол Іле Қазақ автономиялы облысының партия комитеті ауыл-қыстақ қызметі бөліміне жұмысқа келеді. Осы кезден бастап, ол кісі қалың қазақ ауылдарын аралап, тау-тасты кезіп, жайлым-шабыстарды көріп қазақ өмірімен терең таныс болады. Қабай шығармашылығын зерттеп жүрген ғалым, қаламгер Дұң Жұңминь былай дейді: Қабай Іле ауылдарында жиырма жылдай жұмыс істеді, жастайынан бастап қытайша және қазақша өлең жазумен шұғылданды. Абай шығармаларын аудару үшін ол тіптіде қажырлықпен еңбектеніп қазақ тілін, салт-дәстүрін, тарихын, әдебиетін (оның ішінде фольклорлық әдебиетті де) үйренді. Осылайша ол Абайды аударуда өте жоғары деңгейдегі дайындыққа қол жеткізді. Қазақ тілі мен қытай тілі екі басқа топтағы тіл болғандықтан әрі екі ұлт та мәдени жақтардан көп айырмашылықтары болғандықтан, Қабайдың Абай шығармаларын аударуда өте байсалды әрі ұқыпты болуына тура келді. Сонымен қатар бұл еңбек одан жасампаздықты да талап етіп отырды. Осылайша Абайдың өлеңдерін аударып, өзі де бір шетінен поэзиялық шығармамен шұғылданды. Алайда өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы Қытайдағы мәдениет зор төңкерісі Қабайды да айналып өткен жоқ, үйі тінтілді, кітаптары өртелді. Астаң-кестеңі шыққан үйден Қабай қалған кітаптарын қайта жинастырды, қанша тінтіп ақтарғанымен алайда әлгі Абай өлеңдерінің жинағы жоқ болып шықты. Дегенмен үмітсіз сайтан ісі, Қабай мойымады. Бір жөні болар деген сеніммен ақырын ғана күрсінді. Келесі күні таң ата, босағадан аттап шыға бере, Қабайдың көзі терезенің алдында жатқан бір кітапқа түсті. Қараса сол баяғы Абай өлеңдерінің жинағы екен. Қабайдың жүрегіне қайтадан үміт оты ұялайды. Бір сұқбатында ол бұл оқиғаны Абайдың аруағы жебеген болар деп жориды. Құдайға шүкір, Қабай мырза сол бір зұлматты жылдардан аман-есен өтті, әрине, өзі ғана өткен жоқ, Қытайдағы Абайтану ісін де аман алып өтті десек қателеспеспіз.

1981 жылы, Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының ұлттар әдебиетін зерттеу

кеңсесінде жұмыс істеп жүрген Қабай мырза Мемлекеттік аз ұлттар әдеби шығармашылық силығының бірінші реткі марапаттау рәсіміне қатысады. Сол арада Қазақтың бір туар жазушысы Күнгей Қабай мырзамен танысқаннан кейін оған қарап қатты иіліп бір сәлем береді. Қабай бұны өзіне емес, қайта Абайға деген құрмет деп біледі әрі осыдан Абай рухының Қазақ халықы жүрегінде қаншалықты маңызды орын алатынын сезінеді. Мінеки, осы бір кішкене іс ол кісіге қатты әсер етеді де, оның бұдан былайғы Абайды зерттеу ісіне ықпал етуші факторға айналады[6,40]. 1981 жылы Абай және оның поэмалары атты зерттеу мақаласын аяқтайды. Қытай тіліндегі нұсқасы әлі баспа бетіне шықпай жатып Қахарман Мұқан деген аудармашы жігіт алдын орып қазақша аудармасын баспаға беріп үлгіреді. Абайдың туып өскен елі Қазақстанға деген құрметін білдірмек үшін, Қабай мырза жаңағы Абай және оның поэмалары мен екі нұсқа Абай поэмаларының таңдамалы аудармаларын Қазақстан республикасы жазушылар одағына жолдап жібереді. Әрине, жазушылар одағы бұл іске таңқалысады, Қытайда Абайтанушы бар екені ойларына кіріп шықпағанын айтысады. 1989 жылы Қазақстан республикасы жазушылар одағы Қабайды сол кездегі Семей облысы Абай ауданына шақырып, оған ауданның құрметті азаматы атағын береді. Сонымен қатар астына тұлпар мінгізіп, үстіне тон жабады. 1995 жылы ол кісі Абайдың 150 жылдық мерей тойына да шақырылады. Алайда бұл жолы сәті түсіп келе алмай қалады[7,83]. Дегенмен бір жыл өтісімен тағы шақырылады, бұл жолы Абайдың туған ауылынан дәм татып қайтуды бұйырған екен. Осылайша, Қабай мырза Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігімен таныс болады, әрі өзі сонша қастерлеп ардақтайтын Қазақтың ұлы ақыны, Философ Абайдың туған жеріне де атбасын тіреп, оның өмірімен, ортасымен, туған заманымен терең танысуға мүмкіншілік алады. Бұл оның Абайтану ісіне зор көмегін тигізген деп сенеміз.

Қорытынды

Қабай мырза Абай шығармаларын аудару барысында өзі де шығармашылықпен шұғылданғаны жайлы айтып өттік. Шығармаларын айтар болсақ, мысалы: сәлем бердік, кішкене киіз үй, қайта айналып көш жолында, малшының мінезі, сахараның шын келбеті, Іле тұлпарына арнау, бәйге, қыз қуу, көкбар секілді бір қатар өлеңдері бар[8,39]. Дегенмен бұлардың баршасы дала өмірі және қазақ тіршілігімен тіке байланысып жатыр. Кейбір ақын, жазушылар секілді том томдап шағарма жазбаса да, Қабай мырза өзіне етене жақын қазақ өмірін терең түсіне білді, Абайды жақын қашықтықтан зерттей білді, сондықтан ол көктемнің алғашқы қарлығашындай, миллиард қытай халықына Абайды алғашқы болып, сазды сыңғыр әуенмен жеткізе білді.

Қара сөздер 1995 жылы екінші рет қытай тіліне аударылды. Бұл жолы бір адам емес, екі қаламгер біріге аударды. Олар Су Жоушион мен Әкбар Мәжит еді. Су Жоушион мырза Қытай жазушылар одағының мүшесі, шебер аудармашы. 1964 жылы Сычуэн университеті шет тілдері факультетінің орыс тілі мамандығын бітіреді. Сосон Қытай филология ғылымдары қоғамдық ғылымдар бөлімінің халықаралық құжаттар кеңсесіне жұмысқа тұрады. Кейін ұлттық кітапханаға ауысады, әрі кейін келе аталмыш кітапханың газет-журналдар бөлімінің орынбасар бөлім бастығы қызыметін атқарады. 1996 жылдың ақпанынан 1998 жылдың мамырына дейін Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшіханасының бірінші хатшысы қызметін атқарады. Қызмет істей жүре бір қатар шығармалар жариялайды. Совет шығармаларына сонша қызыққан Су Жоушион совет шығармаларын қытай тіліне аударуды жанына балайды, әрі көптеген шығарманы аударып баспа бетіне де беріп үлгіреді. Мысалы, Қара құлақ ақ Бим (Тропольский, Г.), менің генералым (Лиханов А.), және меруертгүл, сиқысыз, шегіргүл, ақ ниет, қабылданбаған махабба, шет ел хайуанаттар аңызы, Абай қара сөздері, Шыңғыс таудың үш алып шыңы ж.т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1. Батырбек А.М. Абай Құнанбаев еңбектерінің шетелдік басылымдарда жарық

көруі. Магг.дисс. зерттеу жұмысы. 2016. 166 б.

2. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. Алматы. Жазушы, 2002. 296 б.

3. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. Алматы. Жібек жолы, 2005. 488 б.

4. Абай. Қара сөз = Книга слов. Семей. МКА, 2007. 368 б.

5. Абай. Қалың елім қазағым. Алматы. Атамұра, 2002. 224 б.

6. Абай. Нақыл сөздер. Алматы. Көшпенділер, 2007. 160 б.

7. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. Алматы. Мектеп, 2007. 248 б.

8. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы: Санат, 1997. 416 б.

Referens list:

1. Batirbek A.M. Abay Kunanbaev enbekterinin sheteldik basilimdarda zharik korui. Magg.diss. zertteu jumisi. 2016. 166 b.

2. Abay. Shigarmalarinin eki tomidik zhinagi: Olender men audarmalar. Almati Zhazushi, 2002. 296 b.

3. Abay. Olender, poemalar, audarmalar men kara sozder. Almati. Zhibek zholi, 2005. 488 b.

4. Abay. Kara soz = Kniga slov. Semey. MKA, 2007. 368 b.

5. Abay. Kalin elim kazagim.- Almati. Atamura, 2002. 224 b.

6. Abay. Nakil sozder. - Almati: Koshpendiler, 2007. 160 b.

7. Abay. Olender, poemalar, audarmalar, kara sozder. Almati. Mektep, 2007. 248 b.

8. Auezov M. Abaydi bilmek pariz oyli zhaska. Almati. Sanat, 1997. 416 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Ерметова Рахнама Еркеновна – оқытушы, «Орыс тілі және әдебиет» кафедрасы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан. 8-778-648-48-93, rakhnama.ermetova@auezov.edu.kz